

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
10-сынып
(қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Құрметті мұғалім!

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 10-сынып білім алушыларына «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Әдістемелік ұсыныстар негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстар дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

МАЗМҰНЫ

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	4
II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	8
«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	8
III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	12
«Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	12
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	17
«Мәдениеттің дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	17

І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

Өркениеттің дәстүрлі (аграрлық) түрі: көшпелі және отырықшы-егіншілік. Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі. Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси аясы

Оқу мақсаты

10.1.2.1 Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру

10.1.2.5 Ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау

10.1.3.6 Әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау

10.1.4.7 Қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін анықтайды
- Технологияның қоғам дамуына әсерін атап көрсетеді
- Әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін көрсетеді
- Қоғамдағы әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын ажыратады

Ойлау дағдыларының деңгейлері

Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Өркениеттің дәстүрлі түріне тән белгілерін кестеде толтырыңыз.

Қалыптаса бастаған кезеңі	
Өндірістің негізгі факторы	
Негізгі өндірілетін өнім	
Өндірісіне тән сипаттамасы	

2. Қазіргі өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін көрсетіңіз.

Жағымды әсері	Жағымсыз әсері
1	1
2	2

3. Әлемдік діндер туралы және олардың ерекшеліктеріне байланысты кестені толтырыңыз.

<i>Әлемдік діндердің бірін таңдап, атауын жазыңыз</i>
<i>Таңдаған діннің негізін қалаған тұлғаның есімін жазыңыз</i>
<i>Қасиетті діни кітабының атауын жазыңыз</i>
<i>Әлемдік діннің ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасаңыз</i>

4. Дүниежүзілік соғыстардың салдарын жазыңыз.

Дүниежүзілік соғыстардың салдары	
1	2
Дүниежүзілік соғыстардың әлемдік өркениетке әсері	
1	

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін анықтайды	1	өркениеттің дәстүрлі түрінің қалыптасу кезеңін анықтайды;	1
		өркениеттің дәстүрлі түріндегі негізгі негізгі өнімді анықтайды;	1
		өркениеттің дәстүрлі түріндегі өндірістің негізгі факторын анықтайды;	1
		өркениеттің дәстүрлі түріндегі өндіріске тән сипаттамасын анықтайды;	1
Технологияның қоғам дамуына әсерін атап көрсетеді	2	ақпараттық технологиялардың өркениеттің дамуына 1-жағымды әсерін жазады;	1
		ақпараттық технологиялардың өркениеттің дамуына 2-жағымды әсерін жазады;	1
		ақпараттық технологиялардың өркениеттің дамуына 1-жағымсыз әсерін жазады;	1
		ақпараттық технологиялардың өркениеттің дамуына 2-жағымсыз әсерін жазады;	1
Әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін көрсетеді	3	әлемдік діннің атауын жазады;	1
		діннің негізін қалаған тұлғаның есімін жазады;	1
		қасиетті діни кітаптың атауын жазады;	1
		әлемдік діннің ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасайды;	1
Қоғамдағы әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын ажыратады	4	дүниежүзілік соғыстардың 1-салдарын жазады;	1
		дүниежүзілік соғыстардың 2-салдарын жазады;	1
		дүниежүзілік соғыстардың әлемдік өркениетке әсерін жазады.	1
Жалпы балл			15

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін анықтайды	Өркениеттің дәстүрлі түрінің қалыптаса бастаған уақытын, негізгі өндірілетін өнімді, өндірістің негізгі факторын, өндіріске тән сипаттамасын жазуда қиналады ☐	Өркениеттің дәстүрлі түрінің қалыптаса бастаған уақытын, негізгі өндірілетін өнімді, өндірістің негізгі факторын, өндіріске тән сипаттамасын жазуда қателіктер жібереді ☐	Өркениеттің дәстүрлі түрінің қалыптаса бастаған уақытын, негізгі өндірілетін өнімді, өндірістің негізгі факторын, өндіріске тән сипаттамасын жазады ☐
Технологияның қоғам дамуына әсерін атап көрсетеді	Ақпараттық технологиялардың заманауи өркениеттің дамуына жағымды/жағымсыз әсерін жазуда қиналады ☐	Ақпараттық технологиялардың заманауи өркениеттің дамуына жағымды/жағымсыз әсерін жазуда қателіктер жібереді ☐	Ақпараттық технологиялардың заманауи өркениеттің дамуына жағымды/жағымсыз әсерін жазады ☐
Әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін көрсетеді	Әлемдік дін атауын, негізін қалаған тұлғаның есімін, қасиетті кітаптың атауын жазуда, әлемдік діннің ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасауда қиналады ☐	Әлемдік дін атауын, негізін қалаған тұлғаның есімін, қасиетті кітаптың атауын жазуда, әлемдік діннің ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасауда қателіктер жібереді ☐	Әлемдік дін атауын, негізін қалаған тұлғаның есімін, қасиетті кітаптың атауын жазуда, әлемдік діннің ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасайды ☐
Қоғамдағы әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын ажыратады	Дүниежүзілік соғыстардың 1/2 салдарын жазып, оның әлемдік өркениетке әсерін көрсетуде қиналады ☐	Дүниежүзілік соғыстардың 1/2 салдарын жазып, оның әлемдік өркениетке әсерін көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Дүниежүзілік соғыстардың 1/2 салдарын жазып, оның әлемдік өркениетке әсерін көрсетеді ☐

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

Этностардың пайда болуы туралы теориялар. Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары.

Оқу мақсаты

Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестіктің тәсілдері. Социогенез туралы теориялардың алуантүрлілігі
10.2.1.2 Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану

10.2.2.2 Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау

10.2.2.4 Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау

10.2.3.2 Социогенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- «Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды түсіндіруде қолданады

- Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын көрсетеді

- Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды

- Социогенездің әртүрлі теорияларын жіктейді және қорытындылайды

Ойлау дағдыларының

Қолдану

деңгейлері

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты


20 минут

Тапсырма

1. «Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолданып, кестеде берілген терминдердің мағынасын жазыңыз.

<i>Термин</i>	<i>Терминнің мағынасы</i>
Ассимиляция	
Көпұлтты мемлекет	
Этникалық процесстер	
Ұлтаралық интеграция	
Ұлттық мемлекет	

2. Суреттерді пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.



Қандай этникалық қақтығыс бейнеленген?_____

Ұлтаралық қақтығыстың қысқа мерзімді себебі неде?


Ұлтаралық қақтығыстың ұзақ мерзімді себебі неде?

Қақтығыстың себеп-салдарлық байланысы қандай?

3. Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі БҰҰ қызметінің тиімділігін, рөлін анықтаңыз (әрқайсысына дәлел келтіріңіз).

<i>ТИІМДІ</i>	<i>ТИІМСІЗ</i>

4. Социогенез теорияларының бірін таңдап, артықшылығы мен кемшілігіне қорытынды жасаңыз. «*формациялық әдіс*»/ «*өркениеттік әдіс*»



Қорытынды

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
«Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды түсіндіруде қолданады	1	ассимиляция терминінің мағынасын ашып түсіндіреді;	1
		көпұлтты мемлекет терминінің мағынасын ашып түсіндіреді;	1
		этникалық процестер терминінің мағынасын ашып түсіндіреді;	1
		ұлтаралық интеграция терминінің мағынасын ашып түсіндіреді;	1
		ұлттық мемлекет терминінің мағынасын ашып түсіндіреді;	1
Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын көрсетеді	2	қандай этникалық қақтығыс бейнеленгендігін жазады;	1
		ұлтаралық қақтығыстың қысқа мерзімді себебін атайды;	1
		ұлтаралық қақтығыстың ұзақ мерзімді себебін атайды;	1
		дәлел келтіре отырып қақтығыстың себеп-салдарлық байланысын анықтап жазады;	1
Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды	3	ұлтаралық қатынастарды реттеудегі БҰҰ қызметінің тиімділігіне дәлел келтіреді;	1
		ұлтаралық қатынастарды реттеудегі БҰҰ қызметінің тиімсіздігіне дәлел келтіреді;	1
Социгенездің әртүрлі теорияларын жіктейді және қорытындылайды	4	берілген социгенез теорияларының бірінің артықшылығын талдайды;	1
		берілген социгенез теорияларының бірінің кемшілігін талдайды;	1
		социгенездің әртүрлі теорияларын жүйелеп қорытынды тұжырымдама жазады.	1
Барлығы			14

«Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
«Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды түсіндіруде қолданады	«Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолданып «ассимиляция», «көпұлтты мемлекет», «этникалық процестер», «ұлтаралық интеграция», «ұлттық мемлекет» терминдерінің мағынасын ашуда қиналады ☐	«Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолданып «ассимиляция», «көпұлтты мемлекет», «этникалық процестер», «ұлтаралық интеграция», «ұлттық мемлекет» терминдерінің мағынасын ашуда қателіктер жібереді ☐	«Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолданып «ассимиляция», «көпұлтты мемлекет», «этникалық процестер», «ұлтаралық интеграция», «ұлттық мемлекет» терминдерінің мағынасын ашады ☐
Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын көрсетеді	Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын, бейнеленуін, қысқа-ұзақ мерзімді себептерін анықтауда, дәлелдер келтіруде қиналады ☐	Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын, бейнеленуін, қысқа-ұзақ мерзімді себептерін анықтауда, дәлелдер келтіруде қателіктер жібереді ☐	Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын, бейнеленуін, қысқа-ұзақ мерзімді себептерін анықтайды, дәлелдер келтіреді ☐
Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін анықтайды	Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі БҰҰ қызметінің тиімділігіне/тиімсіздігіне дәлел келтіруде қиналады ☐	Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі БҰҰ қызметінің тиімділігіне/тиімсіздігіне дәлел келтіруде қателіктер жібереді ☐	Ұлтаралық қатынастарды реттеудегі БҰҰ қызметінің тиімділігіне/тиімсіздігіне дәлел келтіреді ☐
Социогенездің әртүрлі теорияларын жіктейді және қорытындылайды	Социогенез теорияларының артықшылығы мен кемшілігін көрсетуде және қорытынды жасауда қиналады ☐	Социогенез теорияларының артықшылығы мен кемшілігін көрсетуде және қорытынды жасауда қателіктер жібереді ☐	Социогенез теорияларының артықшылығы мен кемшілігін көрсетуде және қорытынды жасайды ☐

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін. Саяси режимдердің типтері. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары. XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстарының халықаралық қатынастар жүйесіне әсері
Оқу мақсаты	10.3.1.4 Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтай отырып, салыстыру 10.3.1.6 Тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдау 10.3.2.7 Әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының салдарларын салыстыру 10.3.2.12 Тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Мемлекеттердің тарихи формаларын анықтап, салыстырады - Тоталитарлық режимнен демократияға көшудің ерекшелігін ажыратады - Әлемдік өзгерістерге қатысты арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарларын салыстырады - Құжатқа сәйкес I және II дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Биліктің бір мазмұннан бір мазмұнға өтуі мен күрделенуіне және өз аумағының кеңеюіне қарай мемлекеттің даму сатысын қарапайымнан күрделіге қарай орналастырыңыз.

<i>Нұсқа</i>	<i>Мемлекеттің даму сатылары</i>
A	Бірнеше полис немесе тайпалық одақтардың бірігуінен пайда болған, басқару жүйесі әлсіз, ортақ заң жүйесі жоқ немесе нашар дамыған, ыдырап кету қаупі күшті, қазіргі кездегі конфедерацияға ұқсас құрылым
B	Орталықтанған мемлекет - ішкі әкімшілік аймақтарда экономикалық қарым-қатынастар күшейіп, ортақ ақша, ортақ заң жүйесі енгізілген, ыдырап кету қаупі болмашы ғана. Мұндай елдердің халқы әдетте ұлт деп аталады
C	Империя. Орталықтанған мемлекеттер күшейе келе көрші елдер аумақтарын басып алады, әртүрлі шаруашылық жүйелерін біріктіріп, әртүрлі қоғамдық құрылысы бар елдерді күшпен бір орталыққа бағындырады, нәтижесінде империя пайда болады.
D	Полис - халқы да, аумағы да аз, басқару жүйесі қарапайым протомемлекет

1	2	3	4
---	---	---	---

--	--	--	--

2. Тоталитарлық режимнен демократияға ауысудың уақытын және ерекшеліктерін таблицқа жазып шығыңыз.

КСРО



1922 ж.

1991ж.

<i>Ерекшеліктері</i>		
<i>Тоталитарлық режим</i>	<i>Өтпелі кезең</i>	<i>Демократиялық режим</i>

3. Арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарын анықтап, кестені толтырыңыз.

<i>Арабтардың жаулап алуларының салдары</i>	<i>Крест жорықтарының салдары</i>
Араб және крест жорықтарының ортақ салдары қандай?	

4. Берілген деректі пайдалана отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

I және II дүниежүзілік соғыс салдарын салыстыру кестесі

Соғыс туралы негізгі көрсеткіштер	<i>I дүниежүзілік соғыс (1914-1918)</i>	<i>II дүниежүзілік соғыс (1939-1945)</i>
Соғыс ұзақтығы	Төрт және үш жарым ай	Алты жыл
Соғысқа қатысушы мемлекеттердің саны	38	60-тан астам
Соғысқа қатысушы мемлекеттердің жалпы адам саны	1 миллиардтан астам адам	1,7 миллиардтан астам адам
Әскери операциялардың өткізілген жер көлемі	4 миллионнан астам шаршы шақырым	22 миллион шаршы километрден астам

I дүниежүзілік соғыстың себебі мен салдары:

II дүниежүзілік соғыстың себебі мен салдары:

«Дүниежүзілік соғыстар – адамзат үшін қайғылы оқиға» - бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз (дәлел келтіріңіз):

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
Мемлекеттердің тарихи формаларын анықтап, салыстырады	1	мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 1-ін көрсетеді;	1
		мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 2-ін көрсетеді;	1
		мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 3-ін көрсетеді;	1
		мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 4-ін көрсетеді;	1
Тоталитарлық режимнен демократияға көшудің ерекшелігін ажыратады	2	тоталитарлық режимнің ерекшеліктерін жазады;	1
		өтпелі кезеңін ерекшелігін жазады;	1
		демократиялық режим ерекшеліктерін жазады;	1
Әлемдік өзгерістерге қатысты арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарларын салыстырады	3	арабтардың жаулап алуларының салдарын көрсетеді;	1
		Крест жорықтарының салдарын көрсетеді;	1
		жорықтардың ортақ салдарын жазады;	1
Құжатқа сәйкес І және ІІ дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарын анықтайды	4	І дүниежүзілік соғыстың себебі мен салдарын жазады;	1
		ІІ дүниежүзілік соғыстың себебі мен салдарын жазады;	1
		берілген тұжырымға сәйкес дәлел келтіреді.	1
Жалпы балл			13

**«Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мемлекеттердің тарихи формаларын анықтап, салыстырады	Мемлекеттердің тарихи формаларын жинақтап, олардың сипаттамаларын анықтауда мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 1/2/ 3/4-ін көрсетуде қиналады ☐	Мемлекеттердің тарихи формаларын жинақтап, олардың сипаттамаларын анықтауда мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 1/2/3/4-ін көрсетуде қателіктер жібереді ☐	Мемлекеттердің тарихи формаларын жинақтап, олардың сипаттамаларын анықтауда мемлекеттің даму сатыларының (қарапайымнан күрделісіне қарай) 1/2/ 3/4-ін көрсетеді ☐
Тоталитарлық режимнен демократияға көшудің ерекшелігін ажыратады	Тоталитарлық режимнен демократиялық саяси режимге көшудің өтпелі кезеңін, демократиялық режим уақытын көрсетіп, тоталитарлық режимнен демократиялық саяси режимге көшудің ерекшелігін сипаттауда қиналады ☐	Тоталитарлық режимнен демократиялық саяси режимге көшудің өтпелі кезеңін, демократиялық режим уақытын көрсетіп, тоталитарлық режимнен демократиялық саяси режимге көшудің ерекшелігін сипаттауда қателіктер жібереді ☐	Тоталитарлық режимнен демократиялық саяси режимге көшудің өтпелі кезеңін, демократиялық режим уақытын көрсетіп, тоталитарлық режимнен демократиялық саяси режимге көшудің ерекшелігін сипаттайды ☐
Әлемдік өзгерістерге қатысты арабтардың жаулап алуларының және крест жорықтарының салдарларын салыстырады	Арабтардың жаулап алуларының, крест жорықтарының салдарын және жорықтарының ортақ салдарын жазуда қиналады ☐	Арабтардың жаулап алуларының, крест жорықтарының салдарын және жорықтарының ортақ салдарын жазуда қателіктер жібереді ☐	Арабтардың жаулап алуларының, крест жорықтарының салдарын және жорықтарының ортақ салдарын жазады ☐

Құжатқа сәйкес І және ІІ дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарын анықтайды	Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептерін анықтауда, тұжырымға сәйкес дәлел келтіруде және көзқарасты қолдап өз ойын жазуда қиналады ☐	Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептерін анықтауда, тұжырымға сәйкес дәлел келтіруде және көзқарасты қолдап өз ойын жазуда қателіктер жібереді ☐	Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың себептерін анықтайды, тұжырымға сәйкес дәлел келтіруде және көзқарасты қолдап өз ойын жазады ☐
--	---	--	--

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Мәдениеттің дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі. Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері. Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі
Оқу мақсаты	Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі 10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау 10.4.2.1 Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қолдану 10.4.3.3 Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау 10.4.3.4 Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын айқындайды • «Абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қоғамдағы өзгерістерге қатысты қолданады • Моральдық құндылықтарға қайта баға берудегі XX ғасыр тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін көрсетеді • Қазіргі жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Қолдану
Орындау уақыты	Жоғары деңгей дағдылары 20 минут

Тапсырма

1. ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын жазыңыз.

--

2. Төменде кестеде көрсетілген өнер бағыттары мен олардың мағынасын сәйкестендіріңіз.

№	Атауы	Нұсқа	Сипаттамасы
1	«кубизм»	А	алғаш сәулет өнері саласында қолданылған, тіке мағынасы — "модерннен кейінгі", яғни "осы заманнан кейінгі", "соңғы", "жаңа заман" дегенді білдіреді. Бұл сөздің қазақша баламасы тұрақтанбаған, кейбіреулер оны "соңғы осы заманшылдық" деп те атап жүр

2	«сюрреализм»	В	суретте ерекшеленген шартты геометриялы фигураларды қолдану арқылы стереометриялы қарапайымдылыққа бөлуді көрсету. Оның суреттерінде басқа бейнелеу ағымдарындағыдай ашық түсті, қанық бояу қолданылмайды, солғын қоңырқай, көк-жасыл түстер қолданылады
3	«абстракционизм»	С	модернистік өнердің бір бағыты. Оның негізін салушылардың бірі француздың ірі ақыны Г. Аполлинер. Ол поэзия мен театрдың буржуазиялық тіршіліктен жоғары тұрғанын қалады
4	«модернизм»	Д	қазіргі заман өнеріндегі қоршаған ортаны бейнелеуде нақты қатарды ескермейтін ағым. Бұл өнер шындықты тікелей көрсетпейтіндіктен, оны кейде «затсыздандырылған» деп айтады. Ол үшін бейнеленетін нәрселердің көркемдік бітімдері (кеңістіктегі формалары, аумағы, бояуы, т.б.) маңызды емес, бірінші орынға суреткер-тұлғаның субъектілік көңіл күйі шығады
5	«постмодернизм»	Е	бұл өнер өкілдерінің (У. Морристің социалдық утопиясына сүйенген бельгиялық археологиялық әрі дизайнер Х.К. ван де Велде) пікірлеріне қарағанда ол қоғам құруға ықпал жасарлық жаңа өмір стилі, адам баласына эстетикалық ләззат алар орта мен тұрмыс жағдайын туғызу, байырғы дәстүрден бөлек, қазіргі конструкцияларды пайдалану арқылы өнерге жаңа жол салу болып табылады

1	2	3	4	5

3. Қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтаңыз.

Ресейдегі 1917 жылғы революция	
I және II дүниежүзілік соғыстар	
КСРО-ның ыдырауы	

4. Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіріңіз. (3 дәлел келтіріңіз)

1

2

3

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		Білім алушы	
ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын айқындайды	1	ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын жазады;	1
«Абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қоғамдағы өзгерістерге қатысты қолданады	2	«кубизм» терминін сәйкестендіреді;	1
		«сюрреализм» терминін сәйкестендіреді;	1
		«абстракционизм» терминін сәйкестендіреді;	1
		«модернизм» терминін сәйкестендіреді;	1
		«постмодернизм» терминін сәйкестендіреді;	1
Моральдық құндылықтарға қайта баға берудегі XX ғасыр тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін көрсетеді	3	1-тарихи оқиғаның ерекшелігін жазады;	1
		2-тарихи оқиғаның ерекшелігін жазады;	1
		3-тарихи оқиғаның ерекшелігін жазады;	1
Қазіргі жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын анықтайды	4	жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызына 1-дәлел келтіреді;	1
		жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызына 2-дәлел келтіреді;	1
		жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызына 3-дәлел келтіреді.	1
Жалпы балл			14

«Мәдениеттің дамуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын айқындайды	ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын жазуда қиналады ☐	ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын жазуда қателіктер жібереді ☐	ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени мұраға қатысты қызметінің маңыздылығын жазады ☐
«Абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қоғамдағы өзгерістерге қатысты қолданады	«Абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «кубизм», «сюрреализм» терминдерін сәйкестендіруде қиналады ☐	«Абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «кубизм», «сюрреализм» терминдерін сәйкестендіруде қателіктер жібереді ☐	«Абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «кубизм», «сюрреализм» терминдерін сәйкестендіреді ☐
Моральдық құндылықтарға қайта баға берудегі XX ғасыр тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін көрсетеді	Революция, I және II дүниежүзілік соғыстар, КСРО-ның ыдырауының қоғамның моральдық құндылықтарына әсерін жазуда қиналады ☐	Революция, I және II дүниежүзілік соғыстар, КСРО-ның ыдырауының қоғамның моральдық құндылықтарына әсерін жазуда қателіктер жібереді ☐	Революция, I және II дүниежүзілік соғыстар, КСРО-ның ыдырауының қоғамның моральдық құндылықтарына әсерін жазады ☐
Қазіргі жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын анықтайды	Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызына 1/2/3-дәлел келтіруде қиналады ☐	Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызына 1/2/3-дәлел келтіруде қателіктер жібереді ☐	Қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызына 1/2/3-дәлел келтіреді ☐